



іздеп бас ұрып жатамыз.

Жамбыл атамыздың ел аузында жүрген бір оқиғасын еске алайық.

Бауыржан Момышұлы бірде соғысқа аттанбас бұрын Жамбылдың батасын алуды ниет етеді. Ақиқат пен аңыз шығармасынан сол сәтті көз алдымызға әкелетін эпизод Жамбыл атамыздың тектілігі мен көрегенділігін аңғартады.

- Әумин, - деп алақанын жайды. Малдас құрып отырған Жөкең мойнын бұрды да:

- Әй, Бауан Шолак, өзін жасаушы ма едің, әлде батырың беруші ме еді батаны?
- деді. - Ойбай, тәте, өзіңіз жасаңыз, - деді Сәбит.

Жамбыл алақанын жайды да:

- Батырдың жолы болсын! Самсаған қолы болсын! Түсі де суық екен, Ісі де долы болсын, Аллаһпар! - деп бетін сипады...

Міне осындай берекелі батадан соң Бауыржан атамыз аман-есен соғыстан оралады.

Жырлары жыл құсындай болып майданға

Сайып қыран, өренім!
Жамбыл ұлдарының ішінде біздің білетіміз - Алғадай.

Алғадайым арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған;
Перзентімнің алды едің,
Көңілді қыймаған.

Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр балам!

Осылай жырлап Жөкең өзі майданға аттандырған сүйікті ұлы Алғадай соғыс даласында ерлікпен қаза тапты. Алғадайдың бақилық болғанын естіген Жамбыл ішіндегі ащы запыранды тағы да жырмен төкті.

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сары-Арқаны сандалсам,
Санлағымды табам ба?

Алғадай Жамбылұлы 1942 жылдың қаңтарында майданға алынды. Соғыста 7-гвардиялық қызылжұлдызды атты әскер (кавалерия) дивизиясы құрамында шайқасты. Осы дивизияға қарасты 19-гвардиялық атты

комитет жазушы Леонид Соболевті жағдайдың анық-қанығын білуге Ұзынағашқа жіберген. Жамбылдың жыршылығына таңқалған жазушы үш күн қасында болып, «оқиырмасыншы ғасырдың Гомері» деп бағалаған.

Әскери студенттер үшін бұл өлеңнің де, аталмыш дерекнамалардың да маңыздылығы өте жоғары. Себебі сөз қадірін түсінетін әрбір азамат Жамбылдың жалынды жырлары арқылы өз-өзін жігерлендіреді.

Ал Жамбыл өмірбаянына қызығып, терең сұғи билген жан оның ғұмырынан ғажап ғибрат алады.

Белін бекем бұған батыр болуға, қиын сәттерде ұтымды шешім қабылдап батыл болуға жетелейтін рухани күш беруші құрал іспеттес.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні өскелең ұрпақ мына сөзді жадына түйю керек.

Батырлық - табиғат сыйы емес, бұл патриоттық борышынды орындау үшін

АРТЫҚША ТУҒАН АЗАМАТ, ХАЛЫҚҚА ҮЛКЕН БЕЛ БОЛАР

Дәл осы орамды ойдың авторы қазақ халық поэзиясының зейілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы - Жамбыл Жабаевтың өмірі мен өлеңі жайлы айтуға болады.

Ауыз әдебиетінің алыбы Жамбыл Жабаев қыраулық мектептің соңғы өкілі десе де болғандай еді. Ол «Менің - пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп өмірін өлеңге арнады. Атақты Майкөт пен Құлмамбетті жеңіп, Жетісудың бірінші ақыны атанды.

«Елімнің жақсыларын таныстырған, Ой жырым, қызыл тілім сенің арқан», - деген Жамбыл баба қандай құрметке де лайық.

Жамбыл атамыз көбіне дала ақыны болғандықтан, оның сөзінен терең ғибрат

аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермендер деген ақын жырларында өршілдік рұх басым.

Кеңес жауынгерлеріне қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзені сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!...
Қаласындағы Лениннің

әскер полкінің 1-кылышты (сабельный) эскадронында кол пулеметінің новодичігі болды.

1943 жылдың 22 ақпанында Украинаның Синельниково стансасы түбінде Мәншүк Мәметова сияқты қарсы шапқан жауға пулеметтен оқ жаудырған күйі ерлікпен қаза тапқан.

Жамбылдың ерекше дара тұлға екенін, және не себепті оны XX ғасыр Гомері деп атағанын мына бір дерек жолдары нақты баяндайды.

Бірде Жамбылдың ел арасында оның ақындық қабілетіне күмән келтіргісі келетіндер де табылған. Сонда орталық

өзінді-өзін қауіпке қарсы саналы түрде зорлап көндірудің нәтижесі.

Әскери кафедра ұжымы әрбір әскери студенттің ішінде қайнап жатқан батырлық сезімін ояту үшін қарқынды жұмыс жасап келеді... Биыл Қазақтың Гомері Жамбыл атамыздың 175-жылдығы осы төрқалы тойға біздің қосқан үлесіміз - Жамбылды рухани қырынан айқындап, ашып көрсетіп, оны кең ауқымда дәріптеу.

Оспан АМАЛБЕКОВ

«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасының аға оқытушысы магистрі запастағы подполковник